



Әлеуметтік салық



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы
ойдан бизнеске дейін
Copyright © 2005

Сұрақтар және жауаптар

1) Кімдер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады?

- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;
- қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа, арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер;
- жеке нотариустар, адвокаттар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.
- Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

2) Әлеуметтік салық салу объектілері болып табылатын не?

- Заңды тұлғалар үшін – жұмыс берушінің анықталған табыстар түрінде резидент қызметкерлерге, резидент емес қызметкерлерге төленетін шығыстары, сондай-ақ шетелдік персоналдың табыстары және өтемді қызмет көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төленетін төлемдер.
- Жеке нотариустар, адвокаттар үшін – төлеушілердің өздерін қосқанда, қызметкерлердің саны.

3) Әлеуметтік салық салу объектілері болып табылмайтын не?

Мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын мемлекеттік сыйақылар, стипендиялар, жүлделі орындар үшін белгіленген ақшалай наградалар, жеке еңбек шарты бұзылған кезде төленетін өтемдер, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін өтемдері, жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары.

4) Салық ставкалары қандай?

- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері әкімшілік-басқарушы, инженер-техник қызметкерлердің шетелдік мамандары үшін жұмыс берушімен төленген, жұмысшы резиденттің табысына салынатын салық сомасына байланысты әлеуметтік салық 20-дан 7 пайызға дейін төленеді. Кіріс неғұрлым көп төленген сайын, есептелген әлеуметтік салықтың сомасы соғұрлым кемиді. Шетелдік әкімшілік-басқару мамандары, инженерлік-техникалық құрамдар үшін 11-ден 5 пайыздық ставка бойынша.
- Жеке кәсіпкерлер, арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа, жеке нотариустар, адвокаттар жеке өзі үшін үш айлық есептік көрсеткіш және әрбір қызметкер үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.



Әлеуметтік салық

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

- Тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған сйымдар 6,5 пайыз ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді.
- Арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін әлеуметтік салық режимдері «Арнаулы салық режимдері» бөлімінде қаралады.

5) Салық төлеу тәртібі қандай?

Әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірілмей жүргізіледі.

6) Салық кезеңі қалай белгіленген?

Күнтізбелік тоқсан.

7) Салық декларациясы қашан тапсырылады?

Әлеуметтік салық жөніндегі декларация салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірілмей тоқсан сайын тапсырылып отырады.



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы

ойдан бизнеске дейін
Copyright © 2005

Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 11

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!

Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
 - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
 - Салық есебін құру және тапсыру
 - Қаржыны жоспарлау
-

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.

Байланыс адресі:

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева
«СодБи» Бизнес-инкубаторы
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент
Тел. +7 (3252) 570378, 512003
e-mail: l.ismatullayeva@sodbi.kz
Веб-сайт: www.sodbi.kz*

